

*Осы аударма ресми
аударма болып табылмайды*

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫНДА

31 қазан 2023 жыл

№: AIFC-C/CFI/2023/0028 ic

Айдана Айтуарова

Апелляция беруші/Талап қоюшы

қарсы

Private Company Smart Parking Technologies Ltd-ға

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Мәртебелі Сэр Стивен Ричардс

БҰЙРЫҚ

Талап етіліп отырған мерзімді ұзарту берілді, алайда апелляцияға рұқсат алу туралы арыз қабылданбай тасталды.

ШЕШІМ

1. Бұл АХҚО Ұсақ даулар сотының (бұдан әрі – "ҰДС") №: AIFC-C/SCC/2023/0009 іс бойынша шешіміне апелляция беруге рұқсат алу туралы арыз. ҰДС-тағы іс жүргізу барысында Талап қоюшы Жауапкер тарапынан заңсыз жұмыстан шығарылуына байланысты әр түрлі құқықтық қорғау құралдарын ұсынуды талап етті. ҰДС оның талап қоюын шектеулі көлемде қанағаттандырды және Жауапкерді хабарлама мерзімін қысқартқаны үшін оған АХҚО Еңбек регламентінің 60-бабына сәйкес өтемақы төлеуге міндеттеді, алайда, барлық қалған бөліктеріне қатысты талап қою қабылданбады. Осы арызда Талап қоюшы ҰДС шешімінің әртүрлі аспектілерін дауламақ.
2. Талап қоюшының арыз бергені туралы хабарлама мен растайтын құжаттардан басқа, Сот АХҚО сотының 29.13 қағидасына сәйкес Жауапкердің атынан жазбаша ұсынымдар алды. Талап қоюшы ауызша тыңдау өткізуді сұрады, алайда Сот бұл арызды ауызша тыңдау өткізбей-ақ бұйрықтық іс жүргізу шеңберінде әділ қарауға болады деп есептеді (АХҚО сотының 29.16–29.17 қағидаларын қараңыз).
3. Арыз беру үшін мерзімді ұзарту талап етіліп отыр. Оны АХҚО сотының 29.10 қағидасында белгіленген мерзімде беруге әрекет жасалды, алайда Сот аппаратының түсіндіруі мен арызды сәйкестендіру үшін қосымша уақыт қажет болды. Талап қоюшы кідіріс АХҚО сотының юрисдикциясын білмеуден туындаған деп мәлімдейді. Мұндай аргументтің күші шектеулі, өйткені сот бірнеше жылдан бері жұмыс істеп келеді. Алайда қалыптасып отырған мән-жайларда Сот мерзім ұзартуды беру мақсатқа сәйкес деп санайды.
4. АХҚО Сотының Қағидаларының 29.6 қағидасына сәйкес, егер апелляциялық сот (1) апелляцияның табысты болуына нақты мүмкіндіктер бар деп немесе (2) апелляциялық шағым қаралуы тиіс болатын тағы да бір салмақты себеп бар деп санайтын болса, апелляцияға рұқсат беріле алады. АХҚО сотының 29.7 қағидағасы бойынша апелляцияның сәтті қаралуы төмен тұрған соттың сот өндірісінде маңызды процессуалдық немесе өзге де бұзушылықтар болуы себебінен төмен тұрған соттың шешімі (1) дұрыс еместігін немесе (2) әділетсіздігін анықтауға байланысты.
5. Сот талқылауының барысында Талап қоюшы Жауапкердің жұмыстан шығаруының себебін даулады. ҰДС АХҚО Еңбек регламентінің 60-бабына сәйкес Жауапкер Талап қоюшымен еңбек шартын оны 60(2)(b) бапта көзделгендей 30 күн бұрын хабардар ете отырып, себепсіз бұзуға құқығы бар болды деп қаулы етті: сондықтан оны жұмыстан шығару үшін Жауапкершіде нақты себеп болуы қажет болмаған, ал көрсетілген себеп жұмыстан шығарудың іс жүзіндегі себебі болғаны-болмағаны Талап қоюшының залалдарды өтеу туралы талабы үшін маңызды емес. Талап қоюшы өз мәлімдемесінде жұмыстан шығару іс жүзінде себепсіз жұмыстан шығару болмағандықтан, Сот оны жұмыстан шығарудың себебін анықтауы керек еді деп санайды. Бұл аргумент қабылдана алмайды. ҰДС аталған мән-жайларда жұмыстан шығарудың себебі залалдарды өтеу туралы талап етуге әсер ете алмайды деген қорытынды жасауға құқылы болды.

6. Кейіннен Талап қоюшы 60(2)(b) бапта көзделген хабарлама кезеңінде үш күн кем болғандығынан келтірілген залалды ҰДС-тың қалай есептегеніне наразылығын білдіреді. Есептеу Талап қоюшының еңбек шарты бойынша жылдық жалақысына негізделген. Ол Соттың бұлай есептеуі үшін заңды негіздер жоқ екенін және АХҚО Еңбек регламентіндегі жалғыз қолайлы мысал 28-бап екенін айтады, онда демалыс үшін өтемақы қызметкердің соңғы жұмыс күні үшін күндізгі жалақысын пайдаланумен есептелетіні қарастырылған. Алайда, бұл нақты және өзге жағдайға қатысты және осы істе ҰДС тәсілін жоққа шығаратын жалпы қағида үшін негіз болып табылмайды. Талап қоюшы ҰДС тәсілінде қандай да бір даулы құқықтық қатенің бар екенін дәлелдеген жоқ және өтемақы ретінде іс жүзінде берілген соманың қате екендігі туралы ешқандай дәлел ұйғарылған жоқ.
7. ҰДС Талап қоюшы оны жұмысқа қайта алу туралы талабынан бас тартты деп мәлімдеп, ол бұны тыңдауда өкіл арқылы растағанын мәлімдеді. Талап қоюшы жұмысқа қайта алу туралы талабынан бас тартпағанын және «Судья Сот жұмысқа қайта алу туралы шешім шығарғаннан кейін Талап қоюшы Жауапкерде жұмыс істеуін жалғастыра ма деп сұрағанын», бұған тараптар арасында орын алған барлық жайттардан кейін олардың еңбек қатынастары аса жайлы болатынына сене қою өте қиын деп жауап берілгенін мәлімдеді. Алайда оның өкілі Талап қоюшының жұмысқа қайта алу туралы талап қою бермейтінін растағанын Сот анық түсінді. Жауапкердің жазбаша ұсынымдарында сонымен қатар сот тыңдауының барысында Талап қоюшы өзінің өкілі арқылы жұмысқа қайта алу туралы бұрынғы талабынан бас тартқаны айтылады. Талап қоюшының басқаша мәлімдеуіне қарамастан, ҰДС позициясы дұрс түсінілмеген деп санауға салмақты негіз жоқ.
8. ҰДС-та қаралған тағы бір талап - Талап қоюшының Жауапкерге ауысуы кезінде Омаров мырза оған Жауапкердің компаниясы - Smart Parking Technologies Ltd. акцияларының 3%-ын табыстауға ауызша нысанда уәде бергені болып табылады. Сот Талап қоюшы бұл мәселені дәлелдеген жоқ деген қорытындыға келді. Сот Омаров мырза тыңдауларда жазбаша түрде де, ауызша да мұндай уәденің болмағаны туралы нақты және сенімді дәлелдер келтіргенін; Сотта талап қоюшының тікелей өзінен жазбаша түрде де, сол сияқты тыңдауларда да алынған және түсіндірілмеген дәлелдер жоқ екенін; сондай-ақ, уәде туралы ол неліктен уақтылы тиісті жазба жасамағаны туралы нанымды түсініктемелер берілмегенін атап көрсетті. Талап қоюшы өз арызында "уәде басқа компанияға - Parquor Ltd-ге қатысты болғанын" және бұл мәселені Сот зерделеугенін айтады. Бұл мәлімдеме шындыққа жанаспайды: Талап қоюшы ҰДС-қа берген талап арызының нысанында уағдаласу Smart Parking Technologies Ltd. жеке компаниясының акцияларына қатысты екендігі көрсетілген (43 және 46-тармақтар).; Омаров мырза өзінің жазбаша айғақтарында және, Соттың түсінуінше, өзінің ауызша айғақтарында да дәл осы мәлімдемеге жауап берді. Сонымен, бұл мәлімдемені қанағаттандыруға негіз жоқ.
9. Сонымен қатар Талап қоюшы оның өз басы айғақтар бермегені фактісін Соттың тиісті түрде назарға алмағанын мәлімдейді: ол өзінің барлық дәлелдемелерін талап арыз түрінде ұсынды және егер Сот оның өзі куәгерлік беру керек деп санаған болса, Сот бұл туралы хабарлауы керек еді. Алайда, Соттың мұндай дәлелдемелерді ұсыну қажеттілігі туралы хабардар етпей, Талап қоюшы тарапынан тікелей дәлелдердің жоқтығын назарға алуға құқығы бар болғаны сөзсіз. Талап қоюшы атынан Сотта заңгерлік тұрғыдан өкілдік етілді. Талап арыз нысанында оның аргументтері баяндалды, мәліметтердің дұрыстығы туралы оның өкілі қол қойған мәлімдеме болды және растайтын құжаттар қоса берілді, алайда, Жауапкер өз қарсылығын қолдау үшін Омаров мырзаның жазбаша және

ауызша айғақтарын бергені сияқты, Талап қоюшы да өз нұсқасын қолдау үшін қандай қосымша дәлелдер ұсыну керектігін дәл өзі шешуі керек еді.

10. Арызда көрсетілген шағымдардың соңғысы - Талап қоюшының оған Сан-Францискоға іссапарымен байланысты тәуліктік ақы төленетіні туралы тараптар арасында ауызша келісім болған деген мәлімдемесін ҰДС-тың қабыламай тастауына қатысты. Мұнда да Сот Талап қоюшының айғақ бермегенін ескерді, ал Жауапкер болса Омаров мырза арқылы мұндай келісімнің болмағаны және Талап қоюшының іссапардағы шығыстары іс жүзінде компанияның кредиттік картасынан алынғаны, ал орналасуға қатысты – оның Омаров мырза жалға алған пәтерге орналастырылғаны туралы нақты және сенімді дәлелдер келтірді. Талап қоюшы бұл тек Омаров мырзаның дәлелдермен расталмаған мәлімдемесі деп мәлімдейді. Алайда Сот бұл дәлелдемелерді бағалауды жүргізді және Соттың бұл мәселе бойынша тұжырымдарын даулау сәтті болмайды.
11. Қорытындылай келе, апелляцияға рұқсат беру шарттары (жоғарыдағы 4-тармақ) сақталмағанын және Талап қоюшының арызы қабылданбай тасталуы тиістігін атап өткен жөн.

Сот қабылдады,

Мәртебелі Сэр Стивен Ричардс
Судья, АХҚО соты

Өкілдік ету:

Апелляцияға беруші/Талап қоюшы атынан Айбек Қабышев мырза өкілдік етті, Akhmetova Law Firm Limited заңгері, Астана, Қазақстан

Жауапкердің атынан Әбілқайыр Мерғалиев мырза өкілдік етті, Tukulov & Kassil gov Litigation заңгері, Алматы, Қазақстан.